

Бекітемін»:

«04» *сәуір* 2023 ж.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Қостанай ауданы білім бөлімінің

«Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК

басшы: Гугова К.С.



«Алтын сақа»

2023–2026 оқу жылдарына арналған эксперименттік алаңның үш жылдық перспективалық жоспары

Жобаның мақсаты:

Асық терапиясын мектепке дейінгі ұйымның білім беру үдерісіне енгізу арқылы балалардың физикалық, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту.

Үш жыл бойы қамтылатын білім беру бағыттары:

- * Физикалық дамыту – асықпен қимылды ойындар, дәлдік, тепе-теңдік.
- * Коммуникативтік дамыту – сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі.
- * Танымдық және зияткерлік дамыту – қарапайым математика, логика, қоршаған ортамен таныстыру.
- * Шығармашылық дамыту – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу (біріктірілген).
- * Әлеуметтік-эмоционалдық дамыту – ұлттық құндылықтар, қарым-қатынас мәдениеті, бірлескен ойындар.

I кезең

2023–2024 оқу жылы

Ортаңғы топ (3–4 жас)

Ай	Тақырыбы	Негізгі мақсаты
Қыркүйек	Асықпен танысамыз	Асықтың түрлерін, түстерін таныстыру
Қазан	Түрлі түсті асықтар	Түстерді ажырату, ұсақ моториканы дамыту
Қараша	Асықты санаймыз	1–3 дейін санау, салыстыру
Желтоқсан	Асықпен ойнаймыз	Қарапайым ұлттық ойындар
Қаңтар	Асықпен сөйлейміз	Сөздік қорын молайту
Ақпан	Асықи және табиғат	Төрт түлікпен таныстыру
Наурыз	Ұлттық ойындар әлемі	Қазақтың ұлттық ойындарын меңгерту
Сәуір	Асықпен шығармашылық	Асықтарды бояу, мүсіндеу суретін салу
Мамыр	Мен асықты білемін	Қайталау, қортындылау

Көшірмесі *Гугова*



Күтілетін нәтиже

Оқу жылының соңында тәрбиеленушілер:

- * асықтың атауын, түрлерін және түстерін ажыратады;
- * қарапайым ұлттық ойындарға қызығушылық танытады;
- * 1–3 көлемінде санай алады;
- * асықтарды түсіне, көлеміне қарай топтастырады;
- * ұсақ қол моторикасы мен көз-қол үйлесімділігі дамиды;
- * қарапайым сұрақтарға жауап беріп, өз ойын жеткізе алады;
- * шығармашылық жұмыстарда асықты қолдануға қызығушылық танытады;
- * құрдастарымен бірлесіп ойнау, кезек күту және ойын ережесін сақтау дағдылары қалыптасады.

Қорытынды

Екінші кіші топта асық терапиясын қолдану балалардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттырып, ұлттық ойындар арқылы танымдық, коммуникативтік және дене қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Асықпен ұйымдастырылған жұмыстар балалардың ұлттық құндылықтарға алғашқы қызығушылығын қалыптастырады.

II кезең

2024–2025 оқу жылы

Ересек топ (4–5 жас)

Ай	Тақырыбы	Негізгі мақсаты
Қыркүйек	Асық – ұлттық мұра	Ұлттық құндылықтарды таныту
Қазан	Санағыш асықтар	1-10 дейін санау
Қараша	Логикалық асықтар	Асықтармен ойнай отырып логикалық ойлау қабілетін дамыту
Желтоқсан	Епті бала	Дәлдікпен ептілікті дамыту
Қаңтар	Асық сөйлейді	Әңгіме құрастыру
Ақпан	Табиғат және асық	Қоршаған ортамен таныстыру
Наурыз	Ұлттық дәстүр	Ұлттық ойындарды меңгерту
Сәуір	Шебер қолдар	Шығармашылық жұмыстар жүргізу
Мамыр	Асық шебері	Қорытынды сайыс

Көшірмесі сурет



Күтілетін нәтиже

Оқу жылының соңында тәрбиеленушілер:

- * асықтың түрлері мен қолданылуын еркін түсіндіреді;
- * 1–10 көлемінде санайды, салыстырады және топтастырады;
- * қарапайым логикалық тапсырмаларды орындайды;
- * ұлттық ойындардың негізгі ережелерін сақтай отырып ойнайды;
- * сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады;
- * шығармашылық жұмыстарда өз ойын еркін бейнелейді;
- * ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге құрметпен қарайды;
- * топпен жұмыс жасап, бір-біріне көмектесу дағдыларын меңгереді.

Қорытынды

Ересек топта асық терапиясы білім беру бағыттарын өзара кіріктіре отырып, балалардың логикалық ойлауын, тілдік қарым-қатынасын, шығармашылық қабілетін және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. Балалар асықты тек ойын құралы ретінде емес, оқу іс-әрекетінің маңызды бөлігі ретінде қабылдайды.

III кезең

2025–2026 оқу жылы

Мектепалды даярлық тобы (5–6 жас)

Айы	Тақырыбы:	Негізгі мақсаты
Қыркүйек	Асық – халық мұрасы	Ұлттық құндылықтарды меңгерту
Қазан	Математикалық асықтар	Қосу, азайту элементтерін асықпен түсіндіру
Қараша	Әріп және асық	Сауат ашуға дайындық
Желтоқсан	Логикалық ойындар	Ойлау қабілетін жетілдіру
Қаңтар	Зерттеуші бала	Тәжірибе бақылау
Ақпан	Ұлттық дүниетаным	Дәстүрмен мәдениетті таныстыру
Наурыз	Ұлттық ойындар фестивалі	Ұлттық ойындарды еркін ойнау
Сәуір	Шығармашылық әлем	Жобалық жұмыстар
Мамыр	Мен мектепке дайынмын	Қортынды мониторинг

Күтілетін нәтиже

Оқу жылының соңында тәрбиеленушілер:

- * ұлттық ойындардың мазмұны мен тәрбиелік мәнін түсінеді.

Қолқасқан Әбулхан



- * қарапайым математикалық есептерді асық арқылы орындайды;
- * дыбыстық талдауда асық элементтерін қолданады;
- * өз ойын жүйелі әрі еркін жеткізе алады;
- * шығармашылық жобаларда асықты тиімді пайдаланады;
- * ұсақ және жалпы моторикасы толық жетіледі;
- * ұжыммен жұмыс жасап, жауапкершілік танытады;
- * мектепке қажетті негізгі білім, білік және дағдыларды меңгереді.

Қорытынды

Мектепалды даярлық тобында асық терапиясы баланың мектепке жан-жақты даярлануына ықпал етеді. Асық арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері баланың зияткерлік, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дамуын кешенді түрде қолдайды. Жоба ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, баланың мектепке сенімді қадам жасауына негіз қалайды.

Жалпы қорытынды

«Асық терапиясы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын қалыптастыру» тақырыбындағы 2023–2026 оқу жылдарына арналған үш жылдық жұмыс жоспары мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды тиімді қолданудың маңызын көрсетті. Жоба барысында асық терапиясы оқу қызметінің барлық білім беру бағыттарына кіріктіріліп қолданылды. Асықпен ұйымдастырылған ойындар мен тапсырмалар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күрделендіріліп отырды. Бұл олардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу әрекетіне қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік берді.

Үш жылдық жұмыс нәтижесінде тәрбиеленушілердің:

- * ұлттық ойындарға деген қызығушылығы артты;
- * дене қимылдары, ептілігі және ұсақ қол моторикасы жақсарды;
- * математикалық түсініктері, логикалық ойлауы және зияткерлік қабілеттері дамыды;
- * сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасты;
- * шығармашылық қабілеттері жетіліп, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыланды;
- * ұжымда жұмыс істеу, өзара сыйластық, жауапкершілік және достық қарым-қатынас мәдениеті нығайды;
- * қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүріне деген құрметі қалыптасты.

Жобаны жүзеге асыру барысында ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, ұлттық ойындарды отбасында қолдануға бағытталған бірлескен жұмыстар

Көрсетілген жұмыс



ұйымдастырылды. Бұл бала тәрбиесінде отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайтуға оң ықпал етті.

Қорытындылай келе, асық терапиясы – мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың инновациялық әрі ұлттық негіздегі әдістерінің бірі. Ол баланың физикалық, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді.

Кәсірімесі ретіне

